

КЕҢЕС БЕРУ ПУНКТИНІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ БОЙЫНША ЕСЕП

(2025-2026 оқу жылы)

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбиемен және біліммен қамтылмаған ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына кәсіби кеңес беру, балаларды әлеуметтендіру, сауықтыру және дамыту мәселелері бойынша отбасылық құзыреттілікті арттыру, балабақша мен отбасы арасындағы байланысты нығайту.

Атқарылған жұмыстар кестесі

№	Тақырыбы	Мазмұны	Жұмыс түрі	Консультант маман	Атқарылған жұмыс нәтижесі (Есеп)
1	«1-2 жастағы балалардың отбасы мен мектепке дейінгі ұйымдардағы қауіпсіздігі»	Қауіпсіз мінез-құлықтың негізгі ережелері; Мектеп жасына дейінгі баланың қауіпсіздігін қалай тиімді қамтамасыз етуге болады; Мектеп жасына дейінгі баланың қауіпсіздігіне кім жауап береді?	Әңгімелесу, ұсынымдар, практикалық сабақтар	Меңгеруші	Ата-аналар үйдегі қауіпті аймақтарды (розеткалар, өткір заттар, дәрі-дәрмектер) қалай оқшаулау керектігін білді. Ерте жастағы балалардың қауіпсіз мінез-құлық негіздері түсіндірілді.
2	«Баланың денсаулығы біздің қолымызда»	Салауатты өмір салты дегеніміз не? Күн тәртібінің маңызы, шынығу; Бала денесінің қимыл қажеттілігі; Дұрыс тамақтану құпиялары.	Кеңес беру, ұсынымдар, практикалық сабақтар, шеберлік-сыныптары	Медбике	Балалардың иммунитетін көтеру үшін үйде қолданылатын шынығу тәсілдері мен күн тәртібінің маңызы бойынша ата-аналарға жадынамалар таратылды.

3	«Баланың психологиялық ерекшеліктері»	Тыныш бала; Қорқыныш та балалық шақтың қадамдары; Кішкентай сотқар; Мен қандай анамын? Бала неліктен өтірік айтады?	Консультация, ұсынымдар, ата-аналар үшін практикалық тренинг	Әдіскер	Ата-аналар баланың мінез-кұлқындағы эмоциясы мен өзгерістерді агрессиясыз басқарудың тиімді психологиялық құралдарын меңгерді.
4	«Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған дамытушы ойындардың рөлі»	Ойынды қалай ұйымдастыруға болады; Отбасындағы бірлескен ойын; Дамытушы ойындардың түрлері.	Әңгімелесу, ұсынымдар	Әдіскер	Ата-аналар үйде гаджеттердің орнына баланың танымын арттыратын саусақ және үстел ойындарын ойнатуды әдетке айналдырды.
5	«Баланың үйдегі қимыл белсенділігі»	Баланың ірі және ұсақ моторикасы мен қимыл саласының ерекшеліктері; Балалар мен ата-аналарға арналған үйдегі ойын жинақтары; Баланың өміріндегі би қимылдары.	Кеңес беру, ұсынымдар, практикалық сабақтар	Әдіскер, тәрбиеші	Балалардың физикалық белсенділігі артып, координация мен ірі моториканың дұрыс дамуына жағдай жасалды.
6	«Балалармен демалыс»	Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысының нысандары.	Кеңес беру, ата-аналарға ұсынымдар; Балалар мен ата-аналардың практикалық әрекеті	Тәрбиеші	Ата-ана мен бала арасындағы эмоционалды байланыс нығайтып, демалыс уақытын

					жоспарлау мәдениеті қалыптасты.
7	«1-2 жастағы балалардың даму ерекшеліктері»	Даму ерекшелігі; ірі моториканы дамыту, сенсорлық дамуы, ұсақ моториканы дамыту.	Кеңес беру, ата-аналарға арналған ұсынымдар	Әдіскер, тәрбиеші	Ата-аналар баланың ұсақ моторикасын дамыту арқылы оның сөйлеу орталығын жылдам іске қосуға болатынын тәжірибе жүзінде көрді.
8	«Ерте жастағы балаларды МДҰ жағдайларына бейімдеу»	Бейімделу кезеңіндегі күн режимі; Баланы мектепке дейінгі ұйымға бейімдеу кезінде ата-аналарға өзін қалай ұстау керек; Бейімделу сипаты неге байланысты.	Кеңес беру, ата-аналарға арналған ұсынымдар, практикалық ұсынымдар	Әдіскер, тәрбиеші	Балалардың балабақшаға жыламай, тез әрі жеңіл бейімделуіне (адаптация) ата-аналар тарапынан дұрыс қолдау көрсетілді.
9	«Баланы бөбекжайға орналастыру ерекшеліктері»	Электронды кезекке тұру; орын алу, құжаттарды тапсыру, тіркеу жұмыстары.	Кеңес беру, ата-аналарға арналған ұсынымдар, практикалық ұсынымдар	Меңгеруші	Мектепке дейінгі ұйымға тіркелу кезіндегі құқықтық сауаттылық артып, құжаттандыру процесі жеңілдетілді.
10	«Сандық технологиялар тәрбие құралы ретінде»	«Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді	Түсіндіру жұмыстары, кеңес беру	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиеші	Ата-аналар сандық технологияларды тек ойын-ермек емес, баланы

		қосымшасының мүмкіндіктері. Қосымшадағы трекерлер мен күнделікті пайдалы жаттығуларды үй жағдайында қолдану.			үйде жан-жақты дамытудың заманауи құралы ретінде қолдана бастады.
--	--	--	--	--	---

Қорытынды:

2025-2026 оқу жылында «Altyn Uya New» жеке балабақшасының жанындағы кеңес беру пункті өз жоспарын толық көлемде орындады.

Оқу жылының басында ата-ананың өтінішімен **3 бала** қабылданып, жұмыстанылды. Мектепке дейінгі тәрбиемен және біліммен қамтылмаған отбасыларға уақтылы педагогикалық, әдістемелік, медициналық және құқықтық көмек көрсетілді.

Сауалнамалар мен кері байланыс нәтижесі ата-аналардың құзыреттілігі мен балабақшаға деген сенім деңгейінің айтарлықтай артқанын көрсетті.



“АлтынLand” бөбекжайы меңгерушісі:

А.А. Мусаева